

References

- 1 Eleusizov M.G. *Zhuldyz*, 2006, № 11, 12, p. 189–196.
- 2 Negimov S. «Sere» and «Sala» among Kazakhs: *Scientific essays*, Almaty: Ana tili, 2005, 128 p.
- 3 Salykov K. *Zhuldyz*, 2009, № 10, p. 3–4.
- 4 Aitys (counterpoint). Vol. 2, Almaty: Publ. House Zhazushy, 1965, 103–109 p.
- 5 *Funny evening in the village* / Compiled H.Tulemisov, Almaty: Publ. House «Kynar», 1975. — p. 98.
- 6 *Zhubanov A. Soloviev in the spirit of the time.* — Almaty: Dyke-Press, 2001. — 440 p.
- 7 *Historical figures. The publication of the cognitive hraktera for most of the population* / Compiled by B.Togyzbayev, A.Suzhikov, Almaty «Almaty Kitap» LLP, 2006, 376 p.
- 8 Galymuly M. *Zhuldyz*, 1997, № 10, p. 193–200.
- 9 Rakhymbekov C. *Egemen Kazakhstan*, 2007, August 29, p. 9.
- 10 Kirabaev C. *Kazakh adebieti*, 1993, № 31, July 30, p. 2–3.
- 11 Baymuratuly S. *Turkestan*, 2011, January 20, p. 10.
- 12 Zhumabaev M. *Ak Orda*, 1992, № 1, p. 24–30.
- 13 Amanzhol K. Stoskovanie by song Achan! // *Egemen Kazakhstan*, 1 February, 2011, P. 9.
- 14 Zhansugurov I. *Kulager. Poems and Songs* / Compiled by B.Sugar, Almaty: Zhazushy, 1974, 552 p.
- 15 Tazhibayev A. *Collected works in five volumes*. Vol. 4. Scientific works, Almaty: Zhazushy, 1981, 760 p.
- 16 Kayyrbekov F. *Kazakh adebieti*, № 31, July 30, 1993, p. 3.
- 17 Zhunusov S. *Ahan-sere. Roman. The first book*, Almaty: Zhazushy, 2003, 376 p.
- 18 Zhunusov S. *Ahan-sere. Roman. The second book*, Almaty: Zhazushy, 1977, 376 p.
- 19 Ualiev K. *Kazakh adebieti*, 1993, № 31, July 30, p. 5.
- 20 Kazakhstan. National Encyclopedia. Vol. 1 / Editor A.Nysanbaev, Almaty: Home Edition «Kazakh Encyclopedia», 1998, 720 p.

ӘОЖ 82.09:82–95 (574)

С.У.Такиров, А.М.Жакулаев

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: adil_9193@mail.ru)

Әдебиеттегі постмодернистік құбылыстар

Мақалада ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастау алып, кешегі кеңестік, бүгінгі ТМД елдерінде тоқсаныншы жылдары келіп, қазіргі философияда, мәдениетте, социологияда, лингвистикада, әдебиетте және т.б. көптеген ғылым салалары мен өнерде ең жиі қолданылып жүрген постмодернизм құбылысы сөз болды. Постмодернистік құбылыстардың әдебиеттегі көріністерінің тарихы мен белгілері қысқаша баяндалып, постмодернизмді зерттеуші-ғалымдардың пікірлері сараланады. Сонымен қатар әлем әдебиетіндегі өзіндік орны бар қаламгерлердің шығармалары мысалға алынды.

Кілт сөздер: постмодернизм, постструктурализм, деконструктивизм, поп-арт, концептуализм, мета-текст, автор өлімі, романдағы характердің жойылуы, симулякр.

Модернизмнен кейін келген немесе модернизмнің орынын алмастырған бүгінгі таңда өнер мен мәдениетте, философияда, әдебиетте және тағы басқа ғылым салаларында ең көп талқыланатын өзекті мәселе — постмодернизм құбылысы болып табылады. ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарында батыс елдерінде белең алған бұл ағым кешегі кеңестік, бүгінгі ТМД елдерінде тоқсаныншы жылдары сөз бола бастады. Дүниежүзілік әдебиеттен сырт тұра алмайтынымызды ескерсек, постмодернистік құбылыстардың да ұлттық прозамызға өзіндік әсер етіп жатқаны белгілі. Дүниежүзілік әдеби-мәдени үдерістегі модернизмді постмодернизммен ұштастыра қарастыру қазақ әдебиеттану ғылымында да көрініс берді. Бакытжан Майтановтың «Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар», «Қазіргі қазақ поэзиясы және постмодернизм», А.Ісімақованың «Бүгінгі постмодернизм», «Бүгінгі дүниежүзілік әдебиеттану ғылымының мәселелері», Ж.Жарылғаповтың «Постмодернизм қандай құбылыс», Г.Елеуқенованың «К вопросу о постмодернизме в казахской литературе 1950–1980-х годов XX века», Ә.Қодардың «Постмодернизм жөнінде бірер сөз»,

Ж.Шәкеннің «Жаңашыл жастарға жаңа ағым жайында айтар сөз», С.Қасымның «Қазақ поэзиясындағы постмодернистік көріністер», Ә.-С.Әліәкбардың «Постмодернизм қазақ әдебиетінде (Д.Рамазан шығармашылығына қатысты тұстарынан үзінді)» т.б. ғалымдар мен әдебиетті зерттеушілердің мақалаларынан постмодернизмнің ұлттық әдебиетіміздегі көріністерінің зерттеле бастағанын байқаймыз.

Постмодернизм — модернизм өз кезеңін аяқтаған кезде (көптеген ғалымдардың көрсетуінше, XX ғасырдың II жартысы) оған қарсы бағытта тарих сахнасына шыққан ағым. «Постмодернизм» ұғымы XX ғасырдың соңындағы мәдениеттің әр түрлі салаларында көпмағыналылығымен байланыстырылады. Бұл термин де басқа терминдер сияқты өзіндік пайда болу, даму және қолданылу тарихына ие.

XX ғасырдың алпысыншы жылдарының екінші жартысында батыс әлемі жаңа болашақ қоғамның бағыт-бағдарына назар аударды. Сондықтан да постмодернизм теорияшылары өз назарларын қазіргі заман жағдайындағы адам мен қоғам мәселесіне, әсіресе біздің күрделі қоғамның қарқынды даму динамикасының ырғағында ерекше мәнге ие болатын «интерперсоналды» түсінуге әрекет етті. Аталмыш кезеңдегі «постмодернизм» ұғымы тез өзгертін әлемнің, сондай-ақ сол уақыттағы қоғамдық өзгерістерді іске асырған ағым болды. Постмодерннің қалыптасуы өнердегі жаңа ағымдардың пайда болуымен ғана емес, қоғамдағы әлеуметтік-саяси процестерге де байланысты еді.

Осы кезеңде адамдардың сана-сезімінде өзгерістер пайда болды. Бірақ бұл феноменді постмодерн деп айтуға болмайды. Алайда мұндай өзгерістер жеке сипатқа ие болған жоқ, жалпы көңіл-күйді білдірді. К.Кумар: «Постмодернизм теориясының басқалардан ерекшелігі жаңа қоғамдағы жаңа әлеуметтік шындықты ғана емес, сонымен қатар біздің түсінігіміздегі шындыққа назар аудартады», — деген пікір білдіреді [1]. Қоғам өмірінің әр түрлі жақтарының тұтас спектрін қамти келе, постмодернизм ұғымы, объективті процестерге қарағанда, адамның сана-сезімінің жағдайына көбірек көңіл бөледі.

XX ғасырдың алпысыншы жылдарын зерттеушілердің басым бөлігі Батыс тарихының жаңа кезеңі немесе постмодерннің қалыптасу дәуірі деп атайды. Осы кезеңде дүниежүзінде ақпараттық қоғамға ауысумен және жаңа электрондық технологияларды пайдаланумен байланысты ірі экономикалық өзгерістер байқалды. Экономиканың көтеріле бастағанына қарамастан, адамдардың ой-санасы қатты көңіл құлазушылыққа және әлемді күштеп қайта құру идеяларын немесе Маркстан бастап Маркузеге дейін «ұлы тарихи жобаларды» сынауға толы болды.

Біздің мақаладағы негізгі зерттеу нысанымыз постмодернизмнің, жалпы мәдениет пен өнердегі, философиядағы т.б. ғылым салаларындағы зерттелуі емес, әдебиеттегі постмодернизмді қарастыру болғандықтан, осы саланы зерттеуші-ғалымдардың еңбектеріндегі постмодернизмнің ерекшеліктеріне қысқаша тоқталмақпыз.

Американдық әдебиеттанушы Ихаб Хассан әдебиеттегі және өнер философиясындағы концепциялардың дамуын тұжырымдай келе, постмодернизмнің төмендегідей негізгі қағидаттары мен құндылықтарын бөліп көрсетеді:

- анықталмағандық, түсініксіздік (неопределенность);
- үзіп алынған сәт (фрагментарность);
- барлық канондарды жоққа шығарады, барлық конвенциялық беделдерге қарсы болып табылады;
- «субъект өлімі», дәстүрлі «Менді» жоғалту (утрата «Я»);
- постмодернизм ирреализм құқығын ұстанады: әр кезде «көрсетілуі», «бейнеленуі», «сипатталуы» мүмкін болмайды;
- ирония — постмодернистік бейім-бағдарлардың бірі. Ойын, ирония, аллегория әдебиет пен өнердегі жетекші бағыт ретінде саналады;
- «гибридизация», жанрлардың бірігуі мен алмасуын меңзейді;
- постмодерн сипаттамасы үшін «карнавализация» термині қолданылады;
- өнердің конструктивті сипаты аталады [2].

Ресей теоретигі М.Н.Эпштейн постмодернизм мәдениеті сипатталатын ұғымдардың ішіндегі айқын терминдердің көп кездесетіндерін былайша анықтап отыр. Олар: «білдіретінсіз білдіретін» (означающие без означаемых), «симулякр» (түпнұсқасыз ұқсастық), «интертекстуальдылық», «цитаталық», «деконструкция», «іздер ойыны», «шындықтың жоғалуы», «автор өлімі»,

«эпистемиологиялық сенімсіздік», «қатысу метафизикасының сыны», «артық әңгімелеудің жойылуы» (әлем модельдерін жалпылайтын), «антиутопизм және постутопизм», «рационализм мен универсализмнің күйреуі», «логоцентризм мен фаллоцентризмнің күйреуі» (еркектер ұлтшылдығы), «фрагменттік», «эклектика», «плюрализм», «релятивизм», «мәндерінің таралуы», «қосарлы оппозицияның күйреуі», «айыру» (различение), «басқа» (другое), «көп мәдениеттілік» (многокультурность), «скептицизм», «кекесін» (ирония), «пародия», «пастиш» (немесе «центон», көбінесе пародия мақсатында цитаталардан құрылған көркемдік композиция) т.б. [3].

Ал, әдебиетшілердің қолданатын негізгі теориялық түсініктері: «әлем – хаос», «постмодернистік сезім», «әлем мәтін ретінде», яғни әлем әр түрлі мәтіндерден ғана тұрады, «сана мәтін ретінде», «интертекстуалдылық», «авторитеттер кризисі», «авторлық маска» («мир как хаос» и «постмодернистская чувствительность», «мир как текст» и «сознание как текст», «интертекстуальность», «кризис авторитетов» и «эпистемологическая неуверенность», авторская маска, двойной код и «пародийный модус повествования», пастиш, противоречивость, дискретность, фрагментарность повествования (принцип нонселекции), провал коммуникации, метарассказ) т.б. болып табылады [4].

Постмодернизмнің алдындағы ағым постструктурализм мен деконструкция әдісі. Осы екі ұғым (постструктурализм мен деконструкция) постмодернизмнің негізгі құрылымдары болып табылады.

Жалпы постмодернизм постструктурализм мен деконструктивизмді көркемдік тұрғыда қарастырады. Олай болса, «постструктурализм» мен «деконструктивизм» ұғымдарына қысқаша сипаттама бере кетейік.

XX ғасырдың алпысыншы жылдарының аяғында Францияда постмодернизмнің философиялық негізін қалаған постструктурализм деп аталып кеткен жаңа ағым пайда болды. Постструктурализм — қазіргі батыстық гуманитарлық ойдың идеялық бағыты XX ғасырдың соңында Батыс Еуропа мен АҚШ әдебиеттануында батыл әсер етуші эстетикалық ағым [5].

Постструктурализм өмірге структурализмнің кеңістігін тарылту мақсатында дүниеге келген. Постструктурализмнің негізгі өкілдері: Ж.Деррида, Ж.Делёз, Ф.Гваттари, Ж.Бодрийяр, Ю.Кристева, Ж.-Ф.Лиотар, Р.Барт, М.Фуко.

Постструктуралистер үшін әлем — мәдениеттің идеологиялық жазба түріндегі феномені. Сондықтан әр тұлғаның санасы — мәтіндер жиынтығы. Дерриданың айтуынша, текстен басқа ештеңе жоқ, әр адам тек мәтіндер ішінде қарастырылуы мүмкін. Бүкіл әлем, шегі мен шеңбері жоқ мәтін деп қабылданады. Постструктурализмнің негізі — мәтінді дәл түсіну, не болмаса оны түсіндіру мүмкін еместігін көрсету. Нақты көркем шығарманы талдағанда аталған ғалымдар міндетті түрде мағынасы түсініксіз, екіұшты, көпмағыналы анықтаулары бар шығармаларды алға шығарады. Ж.Дерриданың — «смысловая неразрешенность» — «түсіндірілмейтін мағына» түсінігі әр мәтіннің негізгі түбірі болып табылады. Бұл ретте ол ұйымдастырушы, яғни басты ұйытқы, ұстаным деп айқындалады.

Постмодернистік суреткерлердің дүниетанымындағы қайшылықтары, саналы түрдегі хаос деп олардың хаостық әлемді қабылдаудағы және осы хаосты көркем мәтінде көрсету үлгісінің моделін жасайды. Ал, постструктурализм, ең алдымен, батыс қоғамында болған және болатын заңды құбылыс, яғни өзін-өзі ақтап шығу және заңдастыру үшін қолданылатын барлық позитивтік ақиқаттарға, мақсаттар мен тұжырымдарға қарым-қатынасы бойынша методологиялық күмәндану принципі бекіту ретінде көрсетіледі. Жалпы постструктурализм доктринасы өзіндік мәні бойынша адамзат білімінің табиғаты туралы позитивтік түсінікке теориялық әсері болып табылатын «эпистемиологиялық күмәндану» көрінісі болып табылады.

Ғалымдар философияның классикалық түрлерін ғасырдан ғасырға бір сұраққа жауап беруге тырысумен байланысты күйзелген деп бағалай отырып, постструктурализмнің негізін қалаушы ретінде танылған Ж.Дерриданың философиялық ойдың шегін кеңейтуге арналған жаңа әдісі «деконструкцияны» ұсынады. Ж.Деррида шынайылыққа қосылған мағыналарды жеңіп шығудың жалғыз амалын олардың тілді терең талдау арқылы қайта құруынан көреміз, бұл ойлау қабілетін еркін етеді, онда ешқандай сұлбалар болмайды, ал мәнге ие болу философиялық ой қозғау процесінде болады деп сендірді.

«Деконструкция» ұғымы болмыстың іргелі тәжірибесін айқындау емес, «болмыс» ұғымының бәрін қамтитын, пафостық бас тарту деп саналатын Ж.Деррида ұсынған шығармашылық стилі. Ж.Деррида деконструкцияда болмысты мағыналы түсіну-түсіндіру түбегейлі мүмкін емес деген пікір айтады. Негізінде «деконструкция» ұғымын Ж.Лакан енгізген, алайда біз Ж.Дерриданың мәтіндерінен толық теориялық негіздеме ала аламыз.

Деконструкция тарихи және мәдени дәстүрмен байланысты «жоғары» затты жоюға бағытталған тарихилыққа, сызықтыққа және прогрессивизмге, яғни модернизм, идеяларына қарсы бағытталған деп саналады.

Ж.Деррида өзінің мәтіндерін талдау контексінде деконструкция стилистикасын келесі белгілермен сипатталауы мүмкін:

- 1) қандай да бір әдіс болып табылмайды және бола да алмайды;
- 2) оның кез келген «оқиғасы» бірегей жазу немесе идиома ретінде қайталанбайды, себебі оның пафосы ретінде «мағынаға қарсы мәтін ойыны» қатысады;
- 3) оның дамуына кедергі келтіретін кез келген анықтама дұрыс емес;
- 4) қандай да бір субъектінің (жеке немесе ұжымдық) қолданысына жатпайтын мәтін немесе тақырып;
- 5) оның барлық жердегі нәтижелерінің болуы, тіпті «дәуір-болмыс-деконструкцияда» ешқандай оптимизм орнатпайды;
- 6) оның мәні — философиялық ұғымдағы метафораның этимологиясын эстетика арқылы болжайтын философияның көркемдік транскрипциясы;
- 7) оның шеңберінде философиялық тіл құрылымдық психоталдауға түседі;
- 8) лингвистика-грамматикалық немесе семантикалық модельге келмейді;
- 9) деконструкция барлық мәнінде де сын емес;
- 10) оның парадоксы өнертапқыштың жалғыз мүмкіншілігі — мүмкін еместі ойлап табуында;
- 11) деконструкция нигилизм, модернизм және постмодернизм симптомы болып табылмайды.

Ғасыр соңындағы сенімді азаптаушы соңғы куәгер, — дейді [6; 115].

Деконструкцияның жалпы дамуы екі негізгі әрекетке байланысты. Бірінші әрекет — айналдыру, екінші — қайта тірілту. Айналдыру — аттап өтуге болмайтын әрекет, себебі бинарлық оппозицияның күшін жою дегеніміз тек қана оппозиция мүшелерінің орнын ауыстыру емес. Олай істегенде деконструкция жасалатын аймақ қозғалусыз қалар еді. «Мәселе әрбір сатылы тәртіптен (иерархиядан) бас тартуға да жатпайды, себебі анархия әрқашанда тірлік етуші билікті күшейтеді. Белгілі иерархияның терминін өзгерту немесе орнын ауыстыру қажет емес, иерархияның өзіндік құрылымын өзгерткен жөн», — дейді аталмыш ұғымның теоретигі Ж.Деррида. Екінші әрекет предикат пен ұғымдар иерархиясын қайта жасап, жаңаша қорытындылауға байланысты. Бұл сатыда ұғымдардың қудаланған иеліктері мен мүмкіндіктері қайта жаңдалып, жаңа ұғымдар айналдырудың бірінші адымындағы үстемдік құрған дәстүрлі ұғымдарға енгізіледі. Сонда ғана деконструкция толық жүргізіледі деп айтуға болады. Деконструкция — қос амалды ілім. Деконструкцияның екі ағымы — айналдыру мен қайта тірілту бір уақытта жасалады. Сөйтсе де олардың арасындағы өзгешілік сақталатыны айқын.

Постмодернизм теориясындағы әлем мен адамға мәтін ретінде қарау жаңа заманғы беделді философтардың (сонымен қатар мәдениет зерттеуші, әдебиеттанушы, семиотика, лингвист) бірі Жак Дерриданың тұжырымдамасы негізінде құрылды. Ж.Дерриданың айтуынша, «әлем — бұл мәтін», «мәтін — ақиқаттың жалғыз ғана мүмкін моделі». Постструктуралистер адамның санасын мәдениеттің геологиялық феномені ретінде және біршама тар мағынада жазбаша мәдениет феномені (Гутенбергерттік өркениеттің жемісі) деп қарастыра отырып, өздерінің концепциялары бойынша жеке тұлғаның сана-сезімін, мәдениет әлемін құрайтын түрлі сипаттағы мәтіндердің сомасына ұқсатады. Бүкіл мәдениет әлемін Ж.Деррида шексіз, шегарасыз мәтін ретінде қабылдайды.

Постмодернизм теорияшыларының сенімі бойынша, тіл өзінің қолдану саласына тәуелсіз, өз заңдары бойынша қызмет етеді. Мысалы, америкалық тарихшы Хеден Уайт өткен өмірді объективті түрде қалпына келтіретін тарихшылар өздері сипаттайтын оқиғаларды реттей алатын жанр табумен айналысады деп санайды. Қысқаша айтқанда, адам әлемді тарих туралы әңгіме түрінде ғана ұғынады. Немесе, басқаша айтқанда, «әдеби дискурс» (латын сөзі *discurs* — «логикалық құрылым») деп түсінеді.

Сондай-ақ француз философы Ж.-Ф.Лиотар және америкалық әдебиеттанушы Фредерик Джеймсон «нарратив», «метатекст» теориясымен айналысты. Ж.-Ф.Лиотар ойынша, «постмодернизмді метаәңгімелерге күмәндану деп түсінген жөн», — дейді. Ж.-Ф.Лиотар өзінің тұжырымдамасына сәйкес «метатексті» (сонымен қатар оның туындылары; «метаповестеу», «метаәңгіме», «метадискурс») буржуазиялық қоғам ұйымдастыратын өзін-өзі ақтау құралы ретінде дін, тарих, ғылым, психология, өнерге қызмет ететін кез келген «түсіндірме жүйелер» деп пайымдайды. Голландиялық сыншы Т.Данның пікірінше, модернизм, «өзіне байқалғандай хаос,

нигилизм алдында жұбаныш табуға» ниеттеніп «солардың көмегімен айтарлықтай дәрежеде метаповестеу беделі ретінде негізделген» болса, онда постмодернистердің метаэңгімелеуге қатынасы өзгеше болып келеді. Олар (постмодернистер) оның (модернизмнің) әлсіздігі мен мағынасыздығын дәлелдеу үшін пародия тәсіліне жүгінеді», — дейді. Сонымен, Р.Браутиган «Ловля форели в Америке» (1970) шығармасында Э.Хемингуэйдің адамды тың табиғатқа қайтару игілігі туралы мифін келекелейді.

Метатекст бұзудың жеке жағдайы ретінде «өмір қалай көрінсе — солай» дегенді эстетикалық әдісте басшылыққа алады. Постмодернистердің шығармаларында пародия басқа келбетке ие болады және дәстүрлі әдебиетпен салыстырғанда өзге қызмет атқарады. Ч.Дженкс «қосарлы кодтау» туралы айтады, оны екі (немесе одан көп) «текстуалдық әлемді» пародиялық салыстыру деп түсінеді. Пародияның осындай өзіне тән қасиеті «пастиш» (итальян сөзі *pasticcio* — басқа опералар үзіндісінен құрастырылған опера, қоспа, попури, стилизация) деген атау алды. А.Гульельми пікірінше, «пастиш» — әрі фантазия, әрі пародия немесе автопародия.

Классикалық әдеби шығарма автордың қай жерде шынайы, қай жерде әжуалап айтатынын айқын түсіндіретін болса, онда постмодернде осы шеғара жойылған және оқырман ережеге сай, пародияның қайда, шынайы, түпнұсқалық мәтін қайда екенін білмей адбырап қалуы мүмкін.

Тео 'Дан постмодернизм шығармасы, бір жағынан, жаппай қолданудың жарнамалық сипатына ие, екінші жағынан — ирониялық тәсілдер арқылы модернистік шығармалардың сюжеттері мен әдістерін пародиялайды деп санайды.

Постмодернистердің көп деңгейлі хаты — вертикаль және горизонталь оқу типіне лайық келетін мәтін (Р.Барт термині). Мысалы, Москва — Петушки (В.Ерофеев «Москва — Петушки») маршруты бойынша Венички саяхатының қиын-қыстау бағыты — горизонталь оқу тәсіліне, ал мәдени цитаталардың және мәтіннің түзілуінің өзара қатынастары вертикаль оқу тәсіліне сәйкес келеді. Постмодернистік құбылыстарда поп-арт және концептуализмнің де өзіндік ерекшеліктері бар. Эстетикалық және этикалық қағидалардың бұзылуына кескіндеме мен әдебиеттегі постмодернизм концептуализмі сияқты құбылыс тән. Суретші-концептуалистер мектептер мен дәстүрлердің қалыптасқан қағидасына қарсы шыға отырып, шөл картиналарындағы кенептерді, бояулар мен бейнелердегі шынайы объектілерді фотографиялармен, газеттердің жыртықтарымен, этикеткалармен алмастырды. Америкада және жартылай Еуропада концептуализм көбінесе поп-артпен қиылысады (ағылш. *pop art* — жалпы қол жетерлік өнер). Осының бәрі постмодернизм әдебиетінде де көрініс тапты. Ван ден Хевель поп-арт өнеріндегі таралған «табылған заттарды» (найденные вещи) сипаттай отырып, оны әдебиет саласына көшірерде «ұрланған объект» (украденный объект) терминін қолданады. Өзінің концепциясындағы қорытындысына шығармаларында афишалардың мәтіндерін, пошта открыткаларын, көше ұрандары және қабырғалар мен тротуарлардағы жазуларды қолданатын француздық «жаңа романистерін» мысалға келтіреді.

Жас неміс жазушы Кристиан Крахт (Faserland) атақты брендтер мен қымбат лейблдердің атауларынан құрастырылған тұтас тіл жасады. Неміс сыншылары осы роман туралы мынадай пікір жазды 50-жылдары немістің философ-неомарксисті Теодор Адорно: «Освенцимнен кейін өлеңдер жазуға болмайды», — деген. Міне, енді өзінің уақыты мен өмірін тұрмыстық қалпында жазуға кіріскен ұрпақ келді. 1995 жылдары Фазерланд Кристиан Крахттың романы пайда болысымен, сағат басқаша жүретін сияқты. Осы кітапсыз жаңа неміс әдебиеті пайда болмайтын еді» (Виктор Кирхмайер).

Поп-арт түсінігіне ұрланған объект ұғымы постмодернистік коллажды енгізді. Осы дискурстың соңғы нәтижесін америкалық жазушы Реймонд Федерман «Сіздің қалауыңызша романында» (1976) көрсетеді. Шығарманың атауы оқылу тәсілін түсіндіреді. Яғни роман беттері нөмірленбеген және брошюраланбаған. Оқырман өзіне қалай ыңғайлы болса, сол тәртіпте оқуға ерікті.

Постмодернистік сезімталдық (постмодернистская чувствительность). Поэтикалық ойлау. М.Хайдеггер «поэтикалық ойлау» принципі мен «метатекст» теориясын постмодернистік сезгіштіктің (Ж.-Ф.Лиотар, А.Меджилл, В.Велын, Д.Фоккема) негізіне жататындығын айтқан болатын. Голландиялық зерттеуші Доуве Фоккем: «Постмодернистер қандай да бір иерархиялық (сатылық) тәртіпті немесе өмірдегі қандай да бір басымдықтар жүйесін орнатуға тырысу мүмкін емес және пайдасыз деп есептейді, — деп жазады.

«Постмодернистік сезімталдық» маңызды ережесі көркемдіктің аздығы, оның ішінде теориялық (философиялық, әдебиеттану, өнер зерттеуші және ғылыми-жаратылыс) ойдың поэтикалығы туралы тезис болады. Алайда жеке әдебиеттанудағы постструктурализм шеңберінде (Ницше, Хайдеггер және

Деррида пікірлерінде) бұл ұғым философиялық және әдебиеттану мәселелері тілдің бір-бірімен бөлінбес байланысқан метафоралық табиғаты ретінде қарастырылады. Ж.Дерриданың ойлары да мұнда өте маңызды болады. Себебі оның философиялық мәтінді талдау әдістемесі таза әдеби мәтінді талдау үшін де өте құнды болып табылады. Америкалық континентте осындай жаңа сынның мұқият оқылуы оның жылдам таралуына оң ықпал етті. Ж.Дерриданың тұжырымына сүйенсек, әдебиет философиядан басым емес. Ол үшін көркем әдебиетті бір-біріне қарама-қарсы қоюдың дәстүрлі иерархиясын аудару ең маңызды болды.

Тиімділік принципін постмодернистер «парасат империализмінің» көрінісі ретінде қарастырады. Жазушы постмодернистер үшін барлығынан тәртіп пен мағына табуға талпынудан артық жат нәрсе жоқ. Олардың басты құндылықтарының бірі интерпретацияланған еркін ойын болып саналады. Мысалы, бұған Милорад Павичтің өзі «театрдың кешкі ас менюі» деп атаған «Мәңгілік және тағы бір күн» пьесасын жатқауымызға болады. Пьесада ресторандағыдай бірнеше «жеңіл тамақ» пен «десерттер» берілген, ал байланысы мен шешілу жолдарын көрермендердің өздері таңдауы тиіс.

1960–1970-жылдардағы студенттер толқуының бастамашысы шизоанализ теоретиктері Жиль Делез бен психоаналитик Феликс Гваттари ақылсыздықтың жоғары түрі деп «шизофренияны» атады. Метатекстің бұзылуы шизоидтық сананың құлдырауына әкеледі. Постмодернистердің көркем шығарма табиғаты туралы көзқарасы мен идеялары да әдеби тілде осылай байланысқан. Яғни оларда (постмодернистерде) ойлап шығару үшін ессіз болу жеткілікті. Делез бен Гваттари бойынша, бұл қалыптасқан жағдай. Шизоанализдің жаһандық өрісін және жалпыға түсініктілігін Сорокин мен Пелевиннің әдеби шығармаларынан байқауымызға болады. Қазіргі әдебиетті зерттеушілер әдеби постмодернизмді көбінесе «цитаталық әдебиет» деп атайды. 1979 жылғы Жак Ривэ Барышнидің роман-цитатасы 408 автордың 750 кірме үзінділерінен тұрады. Цитаталармен ойнау интертекстуалдылықты жасайды. Р.Барттың пікірінше, ол «шығу көздері мен ықпал ету проблемасына келтірілуі мүмкін емес; ол пайда болуы сирек байқауға болатын анонимдік формулалардың, тырнақшаларсыз берілетін санасыз немесе автоматты цитаталаудың жалпы өрісі болып табылады». Басқаша айтқанда, авторға, өзі шығарып жатқандай көрінеді, шындығында осы мәдениеттің өзін қаруы ретінде пайдаланып, сол арқылы жасайды. Бұл идея жаңа емес: Рим империясының құлдырауы кезінде цетондар — белгілі әдеби, философиялық, фольклорлық және басқа шығармалардан алынған алуан түрлі үзінділер арқылы әдебиетке сән берген болатын.

Постмодернизм теориясында осындай әдебиет Р.Барт енгізген «автордың өлімі» терминімен сипаттала бастады. Р.Барт мәтінге деген қатынастың дәстүрлік, классикалық («университеттік») және постмодернистік («имманенттік») нұсқаларын қарама-қарсы қойып салыстырады. Бұлардың арасындағы принциптік айырмашылығын қарайды. Егер мәтінді «имманенттік» оқу ойдың өздігінен қозғалуын шамаласа, онда «университеттік» оқуда оқырман шығарманы толықтай түсіне алады. Р.Барттың бағалауы бойынша, «университеттік сын» бастауы нақ осы детерминизмнің дәстүрлі ұғынысына негізделеді, осы жерде «имманенттіліктің қабылданбауының («постмодернизм») себебі неде деген сауал туады. Мүмкін шығарманың — ішкі себептері «өзгелерге қарағанда себептірек» (причина всех других) деп есептейтін детерминизм идеологиясын ұстануынан шығар.

Постмодернизм автор жазған мәтіннің «шығарма» ретіндегі классикалық түсіндірілуін жоққа шығарады. Р.Барт ойынша, «автор мәтінін иелену — бұл... мәтінді кідіртуді, оған тұжырымды мағына беруді және хатты тұйықтауды білдіреді» десе де, «әрбір оқырман автор деңгейіне дейін көтеріле алады. Оны құрастырмаса да мәтінге кез келген болжанбаған мағынаны көзсіз енгізе алу құқығына ие болады», — дейді.

Постмодернизмді ұқсас бейнелерімен түсіндіретін автордың ең негізгі функциялары:

- 1) мәтіндердің жіктелу функциясы (шектеу және топтастыру);
- 2) мәтіндік массивтер арасындағы қатынастарды (арақатынас) белгілеу;
- 3) дискурс болмысының белгілі бір тәсілдері арқылы көрсету [6; 617].

Постмодернизм, бір жағынан, белгілі бір дискурсивті дәстүрге толықтай қатыстырылған авторды, екінші жағынан — «трандискурсивті позицияда» болатын авторды саралай отырып, автордың екі түрлі типін бөліп көрсетеді. Соңғысы тек өзінің мәтіндерін жасаушылары ретінде ғана сипатталмайды. Сонымен қатар дискурсивтіліктің басқа типіне қатысты жаңа типтің бастамашысы болатын өзге авторлардың да мәтіндерінің тууына себепкер болады. Фуко ондай авторды *fondeur* («негізін салушы») (основатель) сөзінен басқа *istrateur* («құрылтайшы») (учредитель), *ornateur* (установитель) сөзімен атайды [6; 764–766]. Сондай-ақ «құрылтайшы», «орнатушы» өз шығармашылығымен тек дискурстың айқындалатын типі аясында мәтіндердің жасалуының

мүмкіндігі мен ережесін ғана емес, сонымен қатар жаңа мәтіндердің жасалуы үшін еркіндік қалыптастырады.

Дегенмен де, постмодернизм мәтін ойының туу процесін оқырман танымына және оның субъектісіне немесе оған сыртқы бастама беруші болуға ұмтылмайды. П. де Ману постмодернизмді түсіндірудің мәтіннен және мәтіннің түсіндіруден сөзсіз тәуелсіз екенін айтады.

Милорад Павич Хазарский сөздігі кітабына жазған алғы сөзінде: «Оқырман оны өзіне қалай ыңғайлы көрінсе, солай пайдалана алады. Біреулері, кез келген сөздіктегідей, өздері сол сәтте қызығушылық тудырған аттарды немесе сөздерді іздейді, екіншілері осы сөздікті тұтастай басынан аяғына дейін бір отырғанда оқитын кітап деп санайды», — дейді. Осындай инварианттылық постмодернистердің тағы бір ерекшелігін растайды. Р.Барт бойынша, хат — әдеби шығарма болса да жеке бір индивидті қалыптастырушы емес, «жалпыға ортақ хаттың» өзіндік көрінісі болып табылады.

Аристотель өзінің «Поэтикасында» әдебиет негізі ретінде «рахаттану» туралы, жеке алғанда «танып-білуге» байланысты жазған болатын. «Мәтін эротикасы» — мәтіндік (жалпы белгілік) шындықтың қалыптаспаған қалыптарын көрсету үшін қолданылатын постмодернистік философияның метафорасы. М.Бланшо қалыптаспаған мәтіндік (белгілік) метаморфоздың жүзеге асуын «экстазды» (экстазиса секілді, яғни жылжу, басым болу): үмітсіз, беймәлім құмарлық, ... қол жеткізу мүмкін емес құмарлық, қандыратын және тыныштандыратын барлық нәрсені қабыл алмайтын құмарлық, ... қол жетпейтінге қол жеткізу болып табылатын құмарлық сынды т.б. күйлерімен түсіндіреді [6; 785].

Постмодернизм, жалпы алғанда, өзін «аналитиканы қалаушы» (В.Лейчем енгізген термин тәсілімен) ретінде түсінеді, ал постмодерн үшін қалаудың метафорикасы іс жүзінде әмбебап болып табылады.

Р.Барт өзінің метафора жүйесіндегі антропоморфизмге ерекше көңіл бөле отырып, соңғы идея көмегімен ойын сәтті көрсетеді. Оның айтуынша, «мәтін... адам денесінің бейнесі мен анаграммасы... Бірақ әңгіме біздің эротикалық денемізде болып отыр. Мәтінге сүйсінушіліктегі дене рақаты ағзаның физиологиялық рақатымен түйіспейді», — дейді. Р.Бартың концепциясы бойынша, «мәтіннен ләззат алу» түпқсқалық шындықты алмастыруға лайықты метатексті бұзады делінген.

Э.Хемингуэй «мәтіннен рахаттануды» өз прозасының басты тәсілдерінің бірі етеді. Жазушы оқырманға мәтіндік эстетикалық ләззатпен қатар (Ширебартов тұжырымдамасының әдісі және жеке аттарымен жақсы үндесетін географиялық атаулар мен еуропа тағамдарын, шарап маркаларымен т.б.) «өмірлік» рахат алуды ұсынады. И.Тургенев Хемингуэйдің («Әрқашан сенімен болатын мереке» атты шығармасындағы) дворяндық үй-жайда, таза ауада, орман арасы мен алқаптарда тұратын кейіпкерлері алатын ләззатқа тікелей өзінің тәуелді екенін айтады.

Р.Барт пікірінше, «тек оқудың өзі ғана шығармаға деген махаббат сезімін көрсетеді, онымен құмар қатынаста болады. Оқу — шығарманы қалауды, соған айналуға аңсауды білдіреді. Бартың ойынша, мұнан соң мәтін тарапынан басқа қалаулы әсер келеді: «Мәтіннің өмір сүру бастамасы — бұл ләззат алуға деген ерік» немесе «мәтін... мені қалайтынын дәлелдеуі және мен қалайтынды бере білуі керек» [6; 788]. Мұнан шығатын қорытындымыз автордың шығарма кейіпкерлері өздері өмірден алған ләззатты оқырмандарымен бөлісе және оған (оқырманның оқуына) қызығушылық тудыра білуі қажет.

Постмодернизм әдебиеті әдеби кейіпкерді, персонажды психологиялық және әлеуметтік бейнелеуге ұмтылады. Осы көкейкесті мәселені ағылшын жазушысы және әдебиеттанушысы Кристина Брук-Роуз «Романда характердің жойылуы» мақаласында ашып көрсетеді.

Брук-Роуз «дәстүрлі сипаттың» күйреуінің бес негізгі себептерін келтіреді: 1) кейіпкердің ішкі монологындағы дағдарысы; 2) буржуазиялық қоғамның тоқырауы, тудырған роман жанрының құлдырауы; 3) ақпараттанудың нәтижесінде «жасанды фольклордың» авансценаға шығуы; 4) бейнеклиптік ойлаудағы белгілі жанрлар эстетикасының беделінің артуы; 5) XX ғасырдың тәжірибесіндегі реализмнің бүгінгі қоғамның шындығын бере алмауы [6; 603].

Брук-Роуз пікірінше, «жаңа буын» оқырманы көркем әдебиеттен документалистиканы немесе «таза фантастиканы» артық санайды. Міне, сондықтан постмодернистік роман мен ғылыми фантастика бір-біріне ұқсас: екі жанрда да персонаждар қандай да бір азаматтық мәртебеге, әрі әлеуметтік әрі психологиялық тарихқа ие болатын адамның индивидуалдылығын, қайталанбас болмысын жүзеге асырудан гөрі идеяларды кейіптеу болып табылады.

Брук-Роуз өз ойын былайша тұжырымдайды: «Біз ешбір күмәнсіз, жаңадан құрылатын технологиялық қоғамнан өздеріне орын іздейтін жұмыссыздар тәрізді өтпелі кезеңде тұрмыз.

Реалистік романдар жасалуын жалғастыруда. Бірақ оларды сатып алатын немесе оларды оқитын адамдар барған сайын азайып келеді. Олар (оқырмандар) сезімталдық пен зорлықты, аяушылық пен сексті, күнделікті өмірдегі жағдайлар мен фантастиканы салыстыру арқылы шытырманға толы шығармаларды артық көруде.

Байыпты жазушылар мен ақындар өзіндік иронияның түрлі формаларында Х.Л.Борхестің беллетризелген эрудициясынан бастап Кальвиноның космомикстеріне дейін, Барттың азапты мениппова сатираларынан Пинчонның белгісіз нәрселерін дезориентациялайтын шығармаларындағы символдық іздеудің тұйықталғанын реалистік роман техникасында жазып көрсетпек болғанымен, енді оны өздерінің мақсаттары үшін қолданыла алмайтындығын түсінді. Мінездің жойылуы — бұл ғылыми фантастика техникасындағы постмодернизмнің белгісі.

Документалистика мен көркем шығарма арасындағы шегараның жойылуы «жаңа биографизмнің» пайда болуына алып келді. Бұл көптеген постмодернистерде кездеседі (В.Розановтың эссесіндегі өзін бақылаудан бастап Г.Миллердің «қара реализміне дейін»).

Симулякр (фр. *simulacres*, лат. *simulacrum* — бейне, ұқсастық, көруге мүмкіншілік) — категориялық-ұғымдық қатардан тыс назар аударуға орналасқан тәжірибе құралдарын көрсетуге арналған постмодернизм философиясының термині. Ертеректе Платонда симулякр «көшірменің көшірмесі» болып берілген. Постмодернизмнің философиялық айналымына Ж.Батай енгізді, кейінірек П.Клоссовский, Ж.Бодрийяр, Ж.Делез, Ж.Деррида және т.б. ғалымдар толықтай түсіндірді [6; 550].

Мінез дағдарысы, фантастикаға құмарлық постмодернизмде симулякр теориясын тудырды. Симулякр (фр.) — стереотип, бос таңба (пустой знак). Постмодернистік эстетикада симулякр классикалық эстетика жүйесіндегі көркем бейнеге жатады. Егер бейнеде (көшірме) түпнұсқамен ұқсастық болса, онда симулякр өзінің бастапқы шығу көзінен анағұрлым алшақ болады. Жиль Делез симулякрды түпнұсқаны да, көшірмені де теріске шығаратын белгі ретінде қарастырады. Ж.Бодрийяр симулякрді «агониядағы шындықты» постшындықпен, болмағанды болған ретінде көрсететін нақты және бейнеленуі тиіс нәрсенің (заттың) арасында айырманы жоғалтатын симуляция деп анықтайды. Ж.Делез симулякрдегі «бейненің (көшірме) сәйкестігі және көшірменің ұқсастығы адастырады» десе, осы концепцияда Ф.Джеймисон «анық көшірме оның түпнұсқасы ешқашан болмайды» деп анықтайды.

Ж.Делездің ойынша, симулякр платондық идеяны қайта түсіндіреді («заттар» «көшірмемен» енеді, одан біршама ерекшеленетін бастапқы «идеямен барынша ұқсас»): «Симулякр — әр түрлі айырмашылықтың өзі әр түрлі құралдар арқылы түрлі жолда тоғысатын жүйе», — дейді [6; 552].

Постмодернизмде симулякр құрылымсызданған (Ж.Делез түсінігінше, «дионисийская машина») бытыраңқылық позициясы ретінде енеді. Оларды логос емес логоцентризм теріске шығарады; адамдардың көзқарасында қалыптасқан ұғымды ақиқат деп көрсетуге бірде бір рет мүмкіндік бермейді; «ортаның назарын жаңалау» (Делез) біршама қиындық тудырады, ал негізі жаңа метанаррацияға бұрынғы «ақиқатын» айырбастау. Ж.Делез бойынша, симулякр жұмысы креативті бытыраңқылықты туындатады және дивергенция мен децентрацияны бекітеді. Ж.Делездің ойынша, егер қайталауды көшірме ретінде түсінетін болсақ, онда барлық көшірме мен үлгілерді қайта қарау керек, өйткені симулякрға «көшірме болу тән емес», — дейді. Демек, Ж.Делездің пікіріне сүйенетін болсақ, симулякр алуан түрлі белгісіз объектілерді сол кезде таңдай алса да өзінің мазмұнын шексіз дамытуы мүмкін.

Жалпы алғанда симулякр — болмайтын ақиқаттық бейне, түпнұсқадан айырылған шындыққа ұқсас үйлестік, артында қандай да бір ақиқат тұрмайтын объект. В.Пелевиннің «Чапаев и Пустота» романында дүниедегі маңызды шындыққа қол жеткізудің жолын түбегейлі өзгерткен әрекеті өзі үшін «толығымен бос» белгі болып танылады.

Постмодернизмнің шаршағандығы. «Постструктурализмнің эволюциялық көп жылдық қорытындысы жаңа заманғы сыншылардың белгілі постструктуралистік догманың негізгі теориялық ережелерінен шаршағандығын көрсетті», — дейді белгілі ғалым И.Ильин [7]. Мысалы, 1980 жылдардың аяғынан бастап-ақ көптеген постмодернистердің «автор өлімі» тұжырымдамасынан шегінуі белгіленді (М.Фуко «Пользование наслаждением и Забота о себе», 1984; Ж.Деррида «Психея: Изобретение другого», 1987 және т.б.). Постмодернизмнің атақты теоретиктері Ж.-Ф.Лиотар мен Ж.Бодрийярдің өздері де осы кезде постмодернистік канонды қайта қарап шықты. Ж.Бодрийяр XX ғасыр мәдениетін ұйқыға кеткен күзгі шыбынмен салыстыра отырып, деградацияның әлсіреуін, «сахнадан кету» қаупін симулякр эстетикасында көрсетеді. Ж.Дерридаға келетін болсақ,

постструктурализмнің басқа апостолдарына қарағанда, оған құндылық қағидаларының «революциялық» бұзылуы әрқашан жат болды. Тарихи тәжірибеде тұрақты мәдениеттің белгілі құндылықтар жүйесінен тыс әрекет етуінің мүмкін еместігі туралы айтылса да, көптеген зерттеушілер постмодернизмді жаңа мәдени кезеңге ауысу сатысы ретінде қарастырып жүр.

Постмодернизм дәуірінің қалыптасуы қарапайым процесс болғаны анық және де модерн дәуірінің постмодернге көшуі белгілі бір хронологиялық оқиғамен нақты белгіленген жоқ. «Постмодернизм» терминінің қашан пайда болғандығы туралы хронологиялық белгісіздік постмодернизм ұғымын түсіндіруге және оның анықтамасын анықтауға қиындық туғызады. Дегенмен постмодернизмнің түрлі ғылым салаларында өзіндік ерекшеліктері болды. Бұл мақаламызда сөз өнеріндегі постмодернистік құбылыстардың барлығына тоқталу мүмкін емес. Сондықтан да басты-басты көріністеріне ғана тоқталып, олардың тарихы мен белгілерін қысқаша мәлімдедік. Ал постмодернизмнің әдебиеттегі салаларын тереңнен зерттеп, кеңінен сипаттау үлкен еңбектердің еншісінде.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Kumar K. *From Post-Industrial to Post-Modern Society. New Theories of the Contemporary World*. — Oxford (UK): Cambridge (USA), 1995. — P. 32.
- 2 Hassan I. *The Postmodern Turn: Essays in Postmodern Theory and Culture*. — Columbus, Oh., 1987. — P. 46.
- 3 Эпштейн М.Н. Постмодерн в русской литературе: Учеб. пособие для вузов. — М.: Высш. шк., 2005. — С. 10–15.
- 4 Ісімақова А.С. Асыл сөздің теориясы. — Алматы: Таңбалы, 2009. — 376 б.
- 5 Постмодернизм: Энциклопедия / Сост. А.А.Грицанов, М.А.Можайко. — Минск: Интерпрессервис; Книжный дом, 2001. — 767 с.
- 6 Новейший философский словарь. Постмодернизм / Гл. науч. ред. и сост. А.А.Грицанов. — Минск: Современный литератор, 2007. — 816 с.
- 7 Ильин И.П. Постмодернизм от истоков до конца столетия: эволюция научного мифа. — М.: Интрада, 1998. — С. 158.

С.У.Такиров, А.М.Жакулаев

Явление постмодернизма в литературе

В статье рассмотрено проявление постмодернизма, берущего начало в шестидесятых годах XX столетия, впитавшего прошлое советского периода и настоящее девяностых годов СНГ в современной философии, культуре, социологии, лингвистике, литературе и других научных сферах. Автором проанализированы статьи ученых, исследовавших теорию и историю развития постмодернизма. Вместе с тем приведены примеры из произведений писателей мировой литературы, в которых отчетливо проявляется явление постмодернизма.

S.U.Takirov, A.M.Zhakulayev

The postmodernism phenomenon in literature

In article considered manifestation of the postmodernism originating in the sixties of the XX century, the Soviet period which has absorbed the past and the present of the ninetieth years of the CIS in modern philosophy, culture, sociology, linguistics, literature and other scientific spheres. The author analyzes articles of the scientists investigating the theory and history of development of a postmodernism. At the same time examples of writers of the world literature in which distinctly is shown are given phenomenon the postmodernism.

References

- 1 Kumar K. *From Post-Industrial to Post-Modern Society. New Theories of the Contemporary World*, Oxford (UK): Cambridge (USA), 1995, p. 32.
- 2 Hassan I. *The Postmodern Turn: Essays in Postmodern Theory and Culture*, Columbus, Oh., 1987, p. 46.
- 3 Epstein M.N. *The Postmodern in the Russian literature: Studies. grant for higher education institutions*, Minsk: Vyssh. shk. 2005, p. 10–15.

- 4 Smakova A.S. *Ampere-second. Word theory*, Almaty: Tamgaly, 2009, p. 376.
- 5 *Postmodernizm: Entsiklopediya* / Sost. A.A.Gritsanov. M.A.Mozhayko, Minsk: Interpresservice: Book house, 2001, 767 p.
- 6 *The latest philosophical dictionary. Postmodernism. The chief scientific editor and the originator A.A.Gritsanov*, Minsk: Modern writer, 2007, 816 p.
- 7 Ilyin I.P. *Postmodernism from sources until the end of century: evolution of the scientific myth*, Moscow: Intrada, 1998, 158 p.

Репозиторий қарғу